

**6D011300 - «Биология» мамандығы бойынша Амантаева Арайлым Кайратовнаның «Болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері (жобалау технологиясы мысалында)» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшінің**

**ПІКІРІ**

Бүгінгі таңда болашақ биолог мұғалімдерге Жер шарында адамның қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз ете алатын ұрпақты тәрбиелеудің әлеуметтік-педагогикалық қызметі жүктелген. Қазіргі заманғы мұғалімдердің алдында маңызды міндет - мұғалімнің өзі экологиялық білім беру мен тәрбие мәселелерінде құзыреттілік танытып, жұмыс жасауда негізгі құзыреттілікке ие болып, әр түрлі ақпараттық құралдар мен инновациялық технологиялар арқылы білім алушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін қалыптастыру.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 шілдедегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында «Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті. Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» - делінген. Қазіргі уақытта, еліміздің озық отыз елдің құрамына кіру стратегиясының жүзеге асырылуы, әлемнің білім беру кеңістігіне енуіне және нарықтық талаптарға байланысты кәсіби іс-әрекетте өзінің құзыреті жоғары, бәсекеге қабілетті, әлеуметтік-тұлғалық қасиеттері дамыған құзыреттілігі қалыптасқан педагогтер даярлау міндеттері алға қойылған. А.К. Амантаеваның диссертациялық зерттеу жұмысы жоғарыда аталған мәселелерді алып отыр деуге негіз бар.

Диссертант зерттеу жұмысы барысында шетелдік, отандық ғалым-педагогтардың еңбектерін теориялық, әдістемелік, әдіснамалық тұрғыда қарастырған. Зерттеу жұмысының түйінді ұғымдарының мәнін ашып, мазмұны мен құрылымын айқындаған. Болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін жобалау арқылы қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі жасалып, тәжірибеден өткізген.

Зерттеудің тәжірибелік бөлімінде болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзырттілігін жобалау арқылы қалыптастырудың әдістемелік жүйесі жасалынып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері, динамикасы келтірілген.

Диссертациялық зерттеудің нәтижесінде жоғары педагогикалық университеттің биолог мамандарын даярлау мақсатындағы Білім бағдарламаласына сәйкес «Ғылыми әрекеттерді ұйымдастыру» атты элективті курсқа 5 дәріс пен 5 семинар сабақтарының контенті әзірленіп,



әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етіліп (мазмұны, видео-сабақтар, жобалар), 6B01513-Биология, 7M01513-Биология, 8D01513-Биология бойынша білім алушыларға, сонымен қатар мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім беру жүйесінің қызметкерлеріне арналған «Экологиялық құзыреттілікті қалыптастырудағы жобалау технологиясы» атты оқу құралы жұмыстың практикалық құндылығын көрсетеді.

Диссертацияның негізгі идеялары мен нәтижелері халықаралық деңгейде өткен ғылыми конференция материалдарында, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда және Scopus компаниясының ақпараттық базасына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналда жарық көрген. Барлығы 11 жарияланым. Оның ішінде: - 1 мақала Scopus базасында индекстелетін ғылыми журналда жарияланған, - 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарында жарияланған, - 6 мақала халықаралық және республикалық-ғылыми семинарлар мен конференциялардың тезистерінде, оның 2-уі шетелдік конференция материалдарында жарияланған, - 1 оқу құралы Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БЖҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы Оқу-әдістемелік бірлестігі (Жобаларды басқару топтары) грифімен жарық көрді (онлайн-мәжіліс хаттамасы №3, 21.02.2021 ж.). Барлық жарияланымдар зерттеу барысында дайындалған.

Диссертанттың зерттеу жұмысын жазу барысындағы жауапкершілігін ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны, тараулары бір-бірімен үйлесімді түрде баяндалғанынан көруге болады.

А.К. Амантаеваның «Болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері (жобалау технологиясы мысалында)» тақырыбындағы диссертациясы қойылған талаптарға сай, теориялық және практикалық маңыздылығы бар, толық аяқталған жұмыс деп есептеймін. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы 8D015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513 Биология) бағыты бойынша Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңесте қорғауға лайықты деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,  
Абай атындағы ҚазҰПУ,  
п.ғ.д., профессоры**



РАСТАЙМЫН:	Абай атындағы ҚазҰПУ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ	
ЗАВЕРЯЮ:	НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
КОЛЫ ПОДПИСЬ	<b>Ж.Б. Чилдибаев</b>